



# АЛДАТАУ Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№7 (69) 14 ақпан 2025 жыл

Бизнес өкілдерімен кездесу

## ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ САРАЛАНЫП БЕЛГІЛЕНУГЕ ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесті. Еліміздің бизнес қоғамдастығының басын қосқан бұл жиын мемлекет пен экономиканы дамытуға үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің мақсат-ниеті бір екенін көрсетті.

Президент айқындаған стратегиялық міндет – экономиканы нығайту арқылы Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық ролін сақтау және күшейту. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл міндет ұлттық идеяның маңызды элементіне айналуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның басты мәселелерін шешу жолында Қазақстан жаңа көзқарастар мен тәсілдер дәуіріне қадам басқанын, ал ескірген стереотиптер өткеннің еншісінде қалғанын атап өтті. Сондықтан еліміз түбегейлі өзгеріп, жаңа жағдайға бейімделуі керек. Президент мемлекеттің болашағы, соның ішінде өскелең ұрпақтың келешегі осы мәселенің шешіміне тікелей байланысты деп санайды. Оның айтуынша, ірі инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік және логистика салалары экономиканы дамытудың басты бағыттарына айналуға тиіс. Бұл ретте шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі ұдайы Үкімет назарында болады. Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойылған міндеттерді шешу жолында мемлекет пен ірі кәсіпорын иелерінің арасындағы нәтижелі серіктестіктің маңызды екенін атап өтті. – Ірі бизнес болмаса, Қазақстан экономикасының әлеуетін

салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды. – Кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды эзирлеу керек. Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізгім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс. Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс. Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айтыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалға суы

бар міндеттерден өзге мақсатқа жұмсалып жатса бір жөн. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, банктер бизнеске көмектесіп, экономиканың дамуына қаржы салуға тиіс. Дегенмен реттеушілік шаралардың қатаңдағанына қарамастан, тұтынушылық несие көлемі бұрынғыдай өсіп келеді. Былтыр аталған көрсеткіш 33 пайызға ұлғайды. Ал проблемалық борышкерлердің саны 1,5 миллион адамнан асты. Қарызға белшесінен батқан азаматтарға көмектесу керек. Бұл – аса өзекті саяси мәселе. Сонымен қатар қаржылық сауатты арттыру, әсіресе өскелең ұрпақтың осы бағыттағы білімін жетілдіру маңызды. Осы ретте банктер проблемалық займдарды қайта қаржыландыру жұмыстарын күшейтіп, борышкерлердің санын өсіруге жол бермегені жөн. Азаматтарға алаяқтық жолмен рәсімделген кредиттерге айрықша мән беру қажет, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасты цифрландыру өзекті екеніне назар аударды. Президенттің айтуынша, бұл – бизнестің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең тиімді жолы. Ал мемлекет үшін басы артық бюрократияны қысқартатын, жемқорлық тәуекелдерінің алдын алып, жалпы тиімділікті жақсартатын маңызды қадам. Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, былтыр көктемде болған су тасқыны кезінде қаржылай қолдау көрсеткен барша кәсіпкерлерге, сондайақ «Қазақстан

Жаңалықтар. Вести

### Алматы облысында жұмысшы мамандардың әлеуетін арттыру үшін қандай іс-шаралар атқарылып жатыр



Алматы облысында «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының облыстық филиалының есеп беру жиыны өтті. Басқосуда 2024 жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы жоспарлар талқыланды. Бұл туралы Azattyq Rýhy агенттігі «АМАНАТ» партиясының баспасөз қызметіне сілтеме жасап хабарлайды.

Жиын барысында жастар қанатының облыстық филиал төрағасы Медет Бекбергенов өткен жылы атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

«Өңірде жастар қанатының 9 бөлімшесі белсенді жұмыс істеп, 2200-ден астам мүше қоғамның дамуына өз үлесін қосуда. Әскери-патриоттық тәрбиесінен бастап, экологиялық сенбіліктерге дейін 5 мыңнан астам жасты қамтыған 50-ден аса іс-шара өткіздік», – деді Медет Бекбергенов.

Сонымен қатар, есеп беру кездесуіне «АМАНАТ» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Жакупов, облыстық мәслихат депутаты, «АМАНАТ» партиясы Алматы облыстық филиалы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары Нұрсұлтан Орынбасаров, Алматы облысы жастар ресурстық орталығының директоры Мақсат Кенешов, мәслихат депутаттары, жастар ұйымдарының жетекшілері және «Жастар рухы» белсенділері қатысып, қозғалған тақырыптар бойынша пікірлерін білдірді.

### Лесной фонд использовался не по назначению в Алматинской области



Нарушения выявлены природоохранной прокуратурой Алматинской области в ходе проверки соблюдения лесного законодательства передает агентство Kazinform со ссылкой на пресс-службу прокуратуры региона.

44 земельных участка государственного лесного фонда использовались не по целевому назначению.

Кроме того, выявлено 43 факта необоснованного предоставления земель лесфонда для сенокосения и выпаса скота лицам, фактически не владеющим сельскохозяйственными и не имеющим отношение к агропромышленному комплексу.

По результатам проверки расторгнуто 60 договоров на пользование лесфондом площадью более 20 тыс га.



ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ  
2025 ЖЫЛҒЫ 7 АҚПАН

толық ашу мүмкін емес. Бізге экономиканың дамуын жаңа деңгейге көтеру үшін инфрақұрылым, индустрия, цифрландыру және басқа да салаларда серпінді әрі ауқымды жобалар қажет. Мұны іске асыруға ірі бизнесмендердің шамасы жетеді. Сіздерде оған қажетті қаржы да, мамандар да, ең бағымсыз, білім мен тәжірибе де бар. Бұл ретте инвестиция салуға тартымды дәстүрлі салаларға мән беріп қана қоймай, табыс әкелетін жаңа бағыттарды қарастырып жөн. Қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдік сауда конъюнктурасын ескерсек, көліклогистика саласының орасан зор әлеуеті елеусіз қалып жатыр. Темір жол, автомобиль және әуе арқылы жүк тасымалына сұраныс артып келеді. Іс жүзінде аталған сектор басымдыққа ие бола бастады. Кейбір шолушылардың айтуынша, пайдасы да мол. Болашағы зор тағы бір сала – туризм. Шетелдіктер Қазақстанның тұмса табиғатына, халқымыздың салт-дәстүрі мен тарихи мұрасына ерекше қызығушылықпен қарайды. Бірақ отандық туризмнің әлеуеті зор десек те, нақты іске келгенде бұл салада олқылықтар мен кемшіліктер көп. Сондықтан Үкімет туризмді дамытуға мейлінше көбірек инвестиция тарту үшін қосымша шараларды ұсынады, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміздегі іскерлік ахуалды жақсарту – ең басты мақсаттардың бірі. – Квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді. Реттелетін сатып алуларға бизнес өкілдері өтінім берген жағдайда, оған мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуына заң жүзінде шектеу қойылды. Бизнесті негізсіз қыспаққа алудан және салалық органдардың заңсыз тексеруінен қорғау үшін жүйелі жұмыс қолға алынды. Қылмыстық кодекстің бес бабы ізгілендірілді. Екі бап бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту талаптары жоғарылады, экономикалық құқық бұзушылықтың 29 түрі бойынша тұтқындауға тыйым салынды. 2022 жылдан бері кәсіпкерлік саласында тіркелген қылмыстық істердің саны екі есе қысқарды. Бұған қоса кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Инвесторларды негізсіз тексерудің, оларға айыппұл салудың алдын алып, рұқсаттама беруге кедергі келтірмес үшін «прокурор сүзгісі» енгізілді. Бүгінде прокурорлар инвестор құқығын бұзатын 700-ден аса фактіге тосқауыл қойды. Мұның бәрі бизнестің құқығы мен заңды мүддесін қорғауға зор ықпал етті, – деді Мемлекет басшысы. Мемлекет басшысы Үкіметке қосымша құн

керек. Был нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ойпікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің қаржылық тұрақтылығын жетекші рейтинг агенттіктерінің болжамдары растап отырғанына назар аударды. – Кейбір «сарапшылар» айтып жүр гендей, ел экономикасының жағдайы соншалықты мүшкіл деген пікірмен келіспеймін. Салымыз суға кететіндей күйде емеспіз. Бірақ босануға да болмайды. Иә, экономикада 4,8 пайыздық өсім бар. Үкімет отырысында мұның Қазақстан үшін жеткілікті екенін айттым. Үкімет дамудың жаңа даңғылын іздеуі керек. Бұл ретте бизнес қоғамдастықтың рөлі үлкен. Халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік қарыз деңгейін «аса жоғары емес», яғни басқаруға икемді деп бағалап отыр. Қарызды басқару саясаты бекітілген қаржылық шектеулерді қатаң сақтау арқылы жүргізіледі. Кіріс деңгейін арттыру есебінен бюджет тапшылығын азайту көзделген. Бұл мемлекеттің борышын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұзақ мерзімді экономикалық өсімді қамтамасыз етеді, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, тек бюджет қаржысымен экономиканы жаңғырту мүмкін емес. Аталған үдеріске банктердің бәрі атсалысқаны маңызды. – Үкімет кредит мөлшерлемесін субсидиялау арқылы банк қаржысын тарту туралы бастама көтерді. Қаржы секторы осы міндетті орындауға белсенді қатысуға тиіс. Үкімет Кепілдік қорын құру мәселесін пысықтап жатыр. Бұған қоса Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан «ұзақ мерзімге берілетін» қаржы тартылады. Бұл – жеткілікті. Нақты секторды кредиттеу көлемін арттыру үшін басқа да ұсыныстар қажет. Мен Үкімет отырысында Ұлттық қор ел экономикасының бір бөлшегі екенін айттым. Кейбір шолушылар, қоғам қайраткерлері Үкіметтің Ұлттық қордан жиі әрі көп қаржы алатынын айтады. Бұл – қалыптасқан ахуалға байланысты қабылданған шешім. Осыған бола «дағдарысқа тап болдық» деп байбалам салатындай себеп көріп тұрған жоқпын. Қорды не үшін құрдық? Қор қаржысы мемлекеттік маңызы

халқына» қорына жарна салған бизнес өкілдеріне алғыс айтты. Қор қаржысы денсаулық және білім беру салаларындағы өзекті әлеуметтік міндеттерді шешуге жұмсалып жатыр. – Бүгін ашық әрі пайдалы әңгіме болды. Сөз соңында қайталап айтқым келеді: мемлекет еліміздің өндірісіне қаржы салатын, тұрақты жұмыс орындарын ашағын адал кәсіпкерлерді әрдайым қолдайды. Бәріңізді жақсы танимын. Кейінгі үш жылда мемлекет пен бизнес арасындағы ықпалдастық пен өзара түсіністік айтарлықтай нығайғанын көріп отырмыз. Мемлекетке пайдамды тигізсем деген отаншылдық ұстанымдарыңызды жоғары бағалаймын. Біз реформалар жолына түстік. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер біздің аймақта бұрын-соңды болмаған. Халық қолдамаса, бұл реформалар іске аспас еді. Қазақстанның экономикалық әлеуетін нығайтуға бағытталған стратегиямды бизнес қоғамдас тықтың қуаттағанын айрықша атап өткім келеді. Үкімет немесе құқық қорғау органдары арқылы мемлекет кәсіпкерлердің заңды қызметіне ешқандай кедергі келтірмеуге тиіс. Бұл – менің мызғымас ұстанымым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Жиын барысында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, «Resmi компаниялар тобы» ЖШС, «RG Brands» АҚ президенті Қайрат Мәжібаев, «Қазқмыс холдинг» директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай, «InDrive» компаниясының бас атқарушы директоры Арсен Томский, «AUDACIA Express» ЖШС бас директоры Бақытбек Қадыров, «Қазақстан Халық банкі» АҚ басқарма төрағасы Үміт Шаяхметова, «BI-Group» холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахымбаев, «Karazhal Operating» компаниясының тең иегері, «Paryz» ҚР Жұмыс берушілер ұлттық конфедерациясы төралқа төрағасы Жұмабек Жанықұлов, «Евразия инвест» ЖШС директоры Иван Георгиади, «Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС бас директоры Сергей Барон, «Атамекен» ҰКП төралқа төрағасы Райымбек Баталов сөз сөйледі. Сонымен қатар «Freedom Holding Corp» басқарма төрағасы Тимур Турлов, ЦАРКА президенті Олжас Сәтiev, «ЭлтекАлатау» ЖШС директоры Нұрлан Жәнібеков, «Aq Niet Group» ЖШС Бақылаушылар кеңесінің мүшесі Нұржан Ниязалиев, Қазақстанның қорғанысөнеркәсіп кешені кәсіпорындары қауымдастығының төрағасы Айбек Барысов пікір білдірді.

Азамат туралы аздаған сыр

## АУДАНЫҢ ТҰҢҒЫШ ӘКІМІ

Біздің өлке – ежелден еркіндік аңсап, елі мен жері үшін сансыз майданға түскен ерлердің Отаны, сөз маржанын терген саңлақ ақындардың мекені. Сол өлкеде туып-өскен, бар өмірін еліміздің көркеюі үшін жұмсаған, айбынды Қарасай батырдың үрім-бұтағы Жүсіпәлі Нүкетаев туралы сөз бастамақпыз, өйткені ол кісі – Жамбыл ауданында болған тұңғыш әкім, Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында еңбек еткен азамат.

Суықтөбе тауының бөктеріндегі Қастек ауылында туған, сол тау өзеніндегі арындары, ары мен жаны кәусардай таза, Ұлы жүз Үйсін ішіндегі Шапырашты тайпасының Есқожа руынан өрбіген ұрпақ туралы айтармыз баршылық. Әкесі Сайым 1937 жылдың қуғын-сүргініне ұшырап, ұсталып кеткенде Жүкең іште қалады. Содан 1947 жылы әкесін он жылдан кейін бір-ақ көреді, өзі өмірге келгелі көрмеген әкесімен осы жылы қауышады.

Төртінші сыныпты Қастекте, жеті жылдық мектепті Талапта бітіреді. Сегізінші сыныпты Қарақыстақ интернатында бастап, 1955 жылы оныншы сыныпты бітіріп, Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтының зоотехниктер дайындайтын факультетіне оқуға түседі. 1960 жылы институтты бітіріп, Дегереске қой фермасының меңгерушісі болып орналасқан. 1961 жылы ақпанның 23-де жары Алмагүлмен қосылады.

1962 жылы тамыз айында Алакөл ауданының «Бескөл» қой совхозына бас зоотехник болып барады. Алты айдан кейін жаңадан құрылған «Қарақұм» қой совхозына директор болып тағайындалады. 1968 жылы Алматыға облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі болып ауысып, бір жылдай істейді де, Жамбыл ауданының Аманкелді атындағы кеңшарының бас зоотехнигі болып келген. Осы жерде қой бордақылау кешені салынып, ауылдық көркеюіне көп үлес қосқан Жүкеңнің еңбегі ескеріліп, аудан басшылығы 1971 жылы атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылатады. Жамбыл ауданы сияқты облыс көлеміндегі өзіндік орны бар ірі мал шаруашылығы аймағының жұмысына жетекшілік жасау Нүкетаевқа үлкен міндеттер жүктейді. Тоғызыншы бесжылдық жоспары қой санын өз төлі есебінен өсіру бойынша жыл сайын артығымен орындалып тұрды. Жылқы, құс өсіру де айтарлықтай дамыды. Мал бордақылау кешендері салынып, өз нәтижесін бере бастады. Ет, сүт, жүн өндіру көрсеткіштері де ойдағыдай болды. Жамбыл атамның 125 жылдық мерейтойы мен Ұлы Жеңістің 30 жылдығын ұйымдастыру шараларына тікелей ат салысып, өз үлесін қосты. 1977 жылы аудан басшысы болып келген Бекболат Тұрысжанов шақырып алып, шаруасы ақсаған «Дегерес» жылқы зауытына директор болып баруына ұсыныс жасайды. Дегересте сегіз жыл директор болған кезінде жылқы зауыты барлық көрсеткіштер бойынша даму сатысына биіктей берді. Асыл

тұқымды сәйгүліктің тиімділігін дәлелдеді. Ұйымшылығы мықты, еңбегінің зейнетін көруге ынталы ұжым көп ұзамай аудан бойынша суырылып алға шығып, су төгілмес жорғадай жүрісін түзеп сала берді. Уақыт талабына сай қолға алынып, өрістеген қой бордақылау жұмысы зауытта ойдағыдай жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде «Құрдастар» комсомол-жастар бригадасы ұйымдастырылды. Бұл жылдары мен Дегерес орта мектебінде директор едім. 1981 жылы мектеп бітірген түлектеріміздің бір сыныбы түгелдей үндеу көтеріп, осы жастар бригадасында жұмысқа қалды. Бригада жастары үш рет қатарынан екі мәрте социалистік Еңбек Ері атағын алған данқты шопан Жазылбек Қуанышбаев атындағы жұлдеге ие болды. Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды. Сол кездің өлшеммен мұның бәрі теңдесіз жетістік саналатын. Осы талайым табыстарға орай ел ардақтысы, СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Дегереске» үш рет келіп, жұмысымызға ризашылығын білдірді. Шынайы көңілден ақ батасын берді. Димекеннің әр келген сапары ырыс-берекеге жол ашып, табысымыз еселене түсті. Қызыр қолдаған Димаш ағамыздың ақ батасы мен басқарған мектеп түлектеріне де тиіп жатты. 1981 жылы мектепті екі оқушы, 1982 жылы төрт оқушы, 1983 жылы үш оқушы «Алтын медальмен» бітіріп, өздері қалаған оқуға түсті. Әбішева Жұмақұл екінші курс студенті болғанда Қазақ ССР жоғарғы кеңесіне депутат болып сайланды. Қазір солар өз мектебімен ұмытпай хабарласып тұрады. Мысалы Ысқақ Әбдіқапасұлы Қанаш, Абыханова Жанар, Әбішева Жұмақұл, Хасанаев Ермек, Имашев Еділ, Қалыбеков Асқар мектебінен байланысын үзген емес. Қайда жүрсем де Жамбыл ауданының тасын өрге сүйресем, халықтың көңілін шығатын іс атқарсам деген ниеттегі Жүкең өзі сұранып Ленин атындағы ұжымшардың төрағалығына ауысты. Жүйелі жоспар бойынша мемлекетке жыл сайын сүт, ет, жүн, астық өнімдерін қомақты мөлшерде өткізетін ұжымшардың соңғы кезеңде біршама тоқырауға ұрынған кез еді. Сондықтан жұмысты жаңаша сипатта ұйымдастырып, қорытынды нәтижеде табысқа жету үшін көп тер төгуге тура келеді. Оның үстіне бұрынғы Одақты қайта құру үрдісі қанатын кең жайған, саяси-экономикалық жаңару дәуірінің таңы рауандап атып келе жатқан мезгілдің



тынысын әлі дәл аңғара алмайтын тұс еді бұл. Арендалық-мердігерлік әдіс қолға алынған жылдары да ұжымшардың уақыттан қалыспай қадамдағанын айту керек. Астық, қызылша, жүгері, көп жылдық шөп өсірушілер, шопандар мен жылқышылар осы тұста да ерледі. Жүкең ұжымшар төрағалығында жүргенде шаруашылықты күрт көтеріп, озаттар қатарына жеткізді. 1991 жылдың сәуір айында ел-жұрттың азаматтары қолдау білдіріп, Жамбыл ауданының билігіне ие болды. Әуелі Нүкетаев партия комитеті мен атқару комитетін біріктіріп, басшылық құрылым жасады. Коммунист партияның 1991 жылғы тамыздан кейін тарих сахнасынан кеткенін жұрт біледі, сол аралықтағы сәт, көңіл толқыныстары, нарық экономикасының өмірімізге күн санап қарыштап енуі, еліміздің тәуелсіздік алғаны, жас мемлекетіміздің алғашқы апыл-тапыл қадамы, теңгеміздің айналысқа кіруі, мемлекет иелігін алу, жекешелендіру процестері, байқап қарасақ, күллі жаңару дәуірі Жүкеңнің аудан басқарған кезінде болыпты. Осынау аласапыран, аумалы-төкпелі уақытта аудан басшысының орнында отыру Жүкең үшін ауыр сынақ болды. Қалыптасқан жүйе өзгерген тұста адасулар да, қателесулер де болды. Дегенмен еліміз арасындағы бірлік пен ынтымақты көздің қарашығындай сақтай отырып, халықты нарыққа бейімдеуге тура келді. Аудан басшылығы жауапты жұмыстарға білікті кадрларды бекітіп, іске кірісті. Мәселен, Тоққожа Естенұлы, Жұмабек Шажабаев, Жолдасбек Нүсіпов жауапкершілік жүгін жете сезінетін кадрлар еді. 1992 жылдың 15 ақпанында Алматы облысының әкімі Ахметжан Смағұлұлы Есімовтың шешімімен әкім болып тағайындалды. Тұңғыш әкім ел рухын көтеріп, ата-бабаларымыздың сана-

лы салт-дәстүріне сай ұрпақ өсіру бағытында бірқатар игі шаралар жасады. Дегересте өткізілген дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы, Сарыбай би Айдосұлына, тайторы Сәке болыс, Өтеп батыр, Найманбай батыр сияқты халқымыздың асыл текті ұлдарына, Қарасай батыр бабамызға ескерткіш орнатылуы осы кезең еді. Сол жылдары бір ғана Ұзынағашта 30 көшенің аты өзгертілді, бірнеше елді мекенге өзінің тариха есімі қайтарылды. Жалпы аудан тізгінін ұстаған жылдарында Жүкең барлық ел бірлігін сақтап, таразы басын тең ұстауды мұрат етті.

Жүкең мен Алмагүл бала тәрбиелеуге аса көңіл бөлуші еді. Соның арқасында балалары өрімдей, егемен еліміздің дамуына, өркениеттенуіне өз еңбектерін аямайтын, құлшынып еңбек істейтін азаматтар болып өсті.

Үлкен қызы Жанар – ғалым-философ. Жолдасы Асқар екеуі талай жылдан бері Алжирде, Египетте, Сауд Арабиясында, Біріккен Араб Әміраттарында Қазақстанның төтенше және өкілетті елшісі болып Президентіміздің сыртқы саясатын іске асыруға аянбай еңбек етіп жүр.

Динар өз ауданымызда қызмет етіп, 2004 жылы өткен депутаттар сайлауында Жамбыл, Қарасай аудандарының атынан Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланған. Сол депутатқа екі сайлау отырып, 2011 жылы Алматыдағы Қыздар мемлекеттік университетіне ректор болып ауысты. 2011 жылдың тамыз айынан 2017 жылға дейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры қызметін атқарған жылдары Динар Жүсіпәліқызы тектілік пен бекзаттылықтың, қарапайымдылық пен парасаттылықтың, жан сұлулығы мен рухани байлықтың символы ретінде барлық қазақ қыздарына үлгі бола білді. Бүгінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаторлар кеңесінің мүшесі ретінде еліміздің еңсе тіктеуіне өз үлесін аянбай қосып жүрген Динар Жүсіпәліқызының әрбір іс-әрекетіне риза болып, оны өзіне үлгі, өнеге тұтатын қыз-келіншектің қатары да аз емес. Соната, Зәуреш, Қарлығаш – қазіргі нарықтық заманымыздың белсенді іскерлері. Ұлы Серік Қытай мемлекетінде жоғарғы оқу орнын тәмамдап, жұмысын ары қарай жалғастыруда.

Жүсіпәлі Нүкетаев ұлттық салт-дәстүрімізді, тарихымызды жетік білетін, тіліміз үшін күрестің алдындағы шебінде жүретін азамат еді. 1986 жылы Дегересте құрылған «Ақ әжелер» Халықтық ансамблінің жандануына, бірнеше шет елдерде болып, өз еліміздің барлық облыстарын түгел аралап шығуына көп көмек көрсеткен ауданымыздың тұңғыш әкімі болған, жылт еткен жақсылыққа қуанатын, ел үшін туған азамат Жүсіпәлі Нүкетаевты бір еске алып қоюды парыз санадық.

Күміс ПАРМАШҚЫЗЫ,  
ҚР-ның Мәдениет қайраткері.

Тұлға

## АЛАШЫ АРДАҚТАҒАН АҢЫЗ АДАМ

Әр дәуірге лайықты кеменгер адамдар өмір сүреді. Ондай адамдар қазақ топырағында да жоқ емес. Солардың бірегейі Дінмұхамед Қонаев дер едім. Болмысының бөлектігімен, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған, «Мен қанша биікке көтерілсем де өз халқымнан төмен екенімді ұмытқан емеспін!» деген ол кісінің туғанына 113 жыл толып отыр.

Бұл даталы мерекені Шарын ауылындағы Д.А.Қонаев атындағы мектеп ұжымы жылда аса зор құрметпен атап өтеді. Оқу жылының үшінші тоқсаны басталысымен аталарының туған күніне арналған онкүндік басталып кетті. Онкүндіктің дұрыс өтуіне атсалысқан мектеп ұжымы мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Дина Иманбаеваның, Ғалия Саудагерованың еңбегі ерекше. Мектепке аңыз атаның аты 2021 жылы беріліп, мұражай ашылған. Оның ішіне эстетикалық талғаммен жасалынған заттар қойылған.

Атамызға арналған онкүндік «Ұлыларды ұрпақ үшін ұмытпа!» атты іс-шарамен басталған. Мектеп психологтары «Қонаев туралы қызықты деректер» атты тренинг өткізген. Тренинг өте қызықты болды. Сынып жетекшілері әрбір сыныпта тәрбие сағаттарын өтті. «Ғасырдың озық тұлғасы» деген тақырыпта атамның құрметіне спорттық жарыстар өткізілді.

Жетінші сынып оқушылары қа-

тағысан «Адалдықты ту еткен-Қонаев» атты интеллектуалды сайыста олар аталары туралы білетіндерін ортаға салды. Димаш ата туралы ән-



дер байқауы жоғары деңгейде өтті. Ата ескерткішіне тағзым етіліп, гүлдер қойылды. «Шоқтығы биік ұлы тұлға» деген тақырыпта атаны көрген ата – аналар өз ойларын ор-

таға салды. Төртінші сынып оқушыларымен танымдық сағаттар өтті. Ертенгіліктер өз дәрежесінде өтіп, кішкене бүлдіршіндер аңыз аталары туралы көп мәліметтер алды. Мектеп оқушылары атаның мұражайына барып, сондағы құжаттармен, мұрағаттармен танысты. 10-сынып оқушылары «Елін танытқан ер Қонаев» деген тақырыпта дөңгелек стол өткізіп, елге көбі білмейтін тың деректерді ортаға салды. «Адалдықты ту еткен Қонаев» деген тақы-

рыпта барлық оқушылармен, ата-аналар сұхбатқа қатысты. Қонаев атамның көрген адам ретінде Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы Рая Сартолованы мек-

теп ұжымы «Аңыз адам-Қонаев» атты қорытынды кешке шақырды. Бұл кісі 1980 жылы Мәскеуде өткен олимпиадаға Жақсылық Үшкөмпіровті шығарып салу кезіндегі аңыз адаммен кездесуін айтып, газетке шыққан тың деректі мұражайға табыстады.

Мектеп ұжымы мен оның басшысы Меруерт Әділбекова іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне ерекше көңіл бөлгені көрініп тұр. Сол секілді мектептегі тәрбие жү-

мысының жоғарғы деңгейде өтуіне атсалысқан мектеп директорының жоғарыда аттары аталған тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары өз істерінің басы-қасында шапқылпа

Өз тілшімізден.

Естен кетпес асыл бейне

## Өнерімен із қалдырған

Театр – өмірлік мәселелерді шешудің жоғарғы сатысы. Театр сахналық өнердің өмір көрсететін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін түрі. Адамның бар жан-дүниесін бір қойылым арқылы ақтарып, тіпті кей кезде белгілі бір проблемалардың да шешімін табуға септігін тигізіп әрі шынайы эмоциялар сыйлай отырып, әрбір тұлғаға ой салып, керек кезінде тәрбие беретін сондай бір жұмбақ іспеттес. Мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестету мүмкін емес.

Қазақ өнерінде өзіндік орын бар тұлға, Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген әртісі Телеубаев Рахметбай Базарбайұлы 1935 жылы 8 наурызда Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан ауылында дүниеге келген.

1953 жылы Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы Ерлер орта мектебін тамамдаған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының қазақ әдебиеті және қазақ тілі мамандығын алады. Кейін 2 жыл актерлық шеберлікке оқиды.

Талғар қаласындағы Жаңалық орта мектебінде орыс тілі пәнінен сабақ берген. Өз бойындағы даралық пен жазушылық қасиеті бар, Телеубаев Рахметбайдың шығармашылық өлеңдері, очерк, әдеби әңгімелері аудандық, кейін республикалық газеттерде жарық көре бастады.

1959 жылы Абай атындағы педагогика институтының тарих-тіл әдебиеті факультетін бітірген Телеубаев Рахметбайды осы институт драма үйірмесін басқаратын, оның актерлық шеберлігін байқаған Қазақ КСР-нің халық әртісі болған үлкен талант иесі Байділда Қалтаев Жас көрермендер театрына (ТЮЗ-ға) шақырды. Рахметбай Телеубаев үшін осы ұсыныс қанша қымбат болса да, ол арнаулы білімі жоқтығынан қорынып бата алмаған болатын. Дәл осы жылы «Қазақфильм» киностудиясы өрімдей жастарды жиып алып сыннан өткізіп жатқан. Бұл жазда Телеубаев Рахметбайдың да жұлдызы жанып, Асанәлі Әшімов, Райымбек Сейтметов, Сәбит Оразбаевтармен бірге студияға қабылданды. Алғаш рет Ш. Бейсенбаев қойған «Бұл менің ұлым» атты фильмде жұмысшы ролін сәтті ойнап, өнер жолына тұңғыш қадамын жасады.

Телеубаев Рахметбай бұдан да бірнеше фильмдерге басты рольдерді сомдады. Олар – С. Қожықановтың «Егер біздің әрқайсымыз» атты фильмде Мұзапар ролін; «Ән шақырады» фильмде Әскен шофер; Ш. Аймановтың «Бір ауданда» фильмінде зоотехник ролін шеберлікпен сомдады.

Шакен Айманов 1969 жылы «Найзатас» фильміне Дәукара роліне лайықты деп Рахметбай Телеубаевты шақырады. Бір кездескенде Шакен Айманов театрға баруды кеңес береді. - «Егер шын өнер адамы болғын келсе, театрда шыңдал, сендей болатындарды шындейтын шаңырақ сол» - деген екен.

Рахметбай Телеубаевты 1965 жылы Жаңалық орта мектебіне директор болып тағайындайды, 1967 жылы партия жұмысына ауысады. Бірақ, өнерге, театрға, киноға деген құштарлығы жеңеді. 1968 жылы М. Әуезов атындағы Академиялық драмалық театрдың актерлық студиясына оқуға түседі.

1970 жылы 20 маусым айында студияны аяқтаған соң, театрдың штатына қабылданды. Сол кезден өмірінің соңына дейін Рахметбай Телеубаев бүкіл өмірі осы театрдың атымен байланысты болды. Дәл осы жерде өзінің жақсы рольдерін күш-жігермен, шабыттан сомдап көрермен көзайымына айналды.

1973 жылы театр Мәскеу қаласына гастрольдік сапарымен барады, онда қазақстандық авторлардың пьесаларын сәтті қойылымдарын көрсетті.

1982 жылы Қазақ КСР Кеңесі Президиумының Қаулысымен Қазақ Мемлекеттік Академиялық М. Әуезов атындағы театрының әртісі Рахметбай Телеубаевқа «Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген әртісі» атағы берілді.

Қазақ руханиятына өлмес із қалдырған өнер сүйер қауымға таусылмас асыл қазына сыйлаған Рахметбай Телеубаевтың жеке құжаттары (Қор № 948, 50 сақтау бірлігі) Алматы облысының мемлекеттік архивінде сақтаудағы құжаттар актердың өмірі мен шығармашылығынан сыр шертеді.

Г.НАУРЫЗБАЙ,

Алматы облыстық мемлекеттік архиві  
ведомстволық архивтермен жұмыс жасау  
бөлімінің архивісі.

Ауыл өнерпаздары

«Өнер-таусылмас азық, жұтамас байлық» -деген халық даналығы. Әр халықтың өзіндік ұлттық өнері болады. Өнер адамның дүнитанымына, сеніміне, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына, алға қойған мақсатының айқындалуына әсер етеді.



## Ұлттық құндылықтар ұлықталды

Осыған орай, Ұзынбұлақ ауылдық Мәдениет үйінде ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Алмагүл Түзелбекованың ұйымдастыруымен ұлттық қолөнерді дәріптеу, кәсіби маманнан тәжірибе алу мақсатында он саусағынан өнер тамған ісмер, облыстық, аудандық байқаулардың жеңімпазы Қайшан Бөкейқызы, текемет, кесте тоқу шеберлері Нұрипа Нұрғалиева, Күләш Рахметова, қолөнер шеберлері Роза Бұтабаева, Баян Муслинова, ою-өрнек ісмерлері Жанар Шапиекқызы, Жанаргүл Жүнісовалармен «Шежіре-тәлім отауы» атты қолөнер және шеберлік сағаты өтті.

Мақсаты береке мен бірліктің үлгісін көрсетіп, жастарға ұмыт болып бара жатқан қазақтың ұлттық ою-өрнектері, жүн және одан жасалатын бұйымдар, өрмектер, құрақтар, ши орау, кесте және көркемдеп тігу түрлерін насихаттау.

Іс-шараның басталуында ауыл ақсақалы Дәулетхан Сарбасов ақ батасын беріп, жастарға осындай тағалымды шараның маңызды екенін атап өтті.

Көркем өнердің қыр-сырымен танысу үшін ауыл тұрғындары мен мектеп оқушылары келді. Шеберлер өзінің ұлттық нақышта жасаған тамаша туындыларымен таныстырып, қолөнер кәсібін қызықты әңгімелеп берді. Көпшілік үшін арнайылап ши құрақ тігудің техникасын көрсетті. Ұлттық ою-өрнектерден заманауи көркем дүниелер жасап жүрген Қайшан Бөкейқызының бай тәжірибесі жастардың біліміне білім қосты.

Қолөнер шебері Біржан Қайбар илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өруді таныстырса, ат әбзелін жасау шеберлері Серік Сәлиұлымен Құдайберген Егізекөвтер жүген, нокта сынды ер-тұрманға қажетті тарпа, құйысқан, қанжығының жасалу жолдарын көрсетті. Сонымен қатар, сегіз өрім қамшыны өрудің тәсілдерін, жасалу жолдарын түсіндірді.

Қолдан жасалған өнер бұйымдарынан кішігірім көрме ұйымдастырылып, көрпе жасау, құрақ құрау жұмысы көрсетілді. Өртүрлі моншақтар мен әшекей тастардан арнайы ине, жіптер көмегімен жасалған бұйым қатысушылардың қызығушылығын тудырды. Әрі жеңіл, әрі көркем бұйымды жасау арқылы, табыс көзін табуға мүмкіндік туғызатындығын түсінген қатысушылар түрлі сұрақтар қойып, ризашылықтарын білдірді.

Алмагүл Түзелбекова, ауылдық аналар кеңесінің төрайымы:

Бүгінде халқымыздың қолөнері қандай жетістіктерге жетіп отырғаны белгілі. Себебі, қазір біз ұмыт бола бастаған қолөнерді қайта жаңғырта бастадық. Бүгінгі өткізіліп отырған іс-шара соның бір парасы- дей келе, ою-өрнек, құрақ құрау, кесте тігу, жүн және одан жасалатын заттар, өрмек және ши орау туралы мәліметтерімен бөлісті.

Шара соңы мәдениет үйінің көркемөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

Дәурен ӘБҮТӘЛПОВ  
Керем ауданы

Социальные программы

## ВСЕМ-РАВНЫЕ УСЛОВИЯ

(или как занять детей из малоимущих семей)

Дворовые клубы в начале 2000-х годов в поселке Отеген батыр создавались под эгидой первого в районе и области общественного объединения «Болашак». Это была негосударственная структура и поддерживалась она за счет привлеченных средств бизнес-сообщества, в частности, подписанного меморандума взаимодействия между районным акимом, компанией «Филип Моррис Казахстан», дислоцированной в Илийском районе и НПО «Болашак». Особо эти клубы не шиковали, но худо-бедно работа с детьми малоимущих, надо признать, велась, и я, как журналист часто бывал и освещал их мероприятия.

Но через какое-то время, из-за прекращения финансирования зарплата руководителям клубов, ДПК вынуждены были закрыться и очень много детей оказалось за бортом внимания общества. Хорошо, что в начале 2020-х годов появилась государственная программа подшевного финансирования детского спорта и культуры. Она оказалась очень востребованной и позволяла частному бизнесу получать поддержку за счет государства. А как же дворовые клубы, державшиеся какое-то время за счет негосударственных средств? Как оказалось, они не все «канули в лету».

Более года назад, по улице Абая, дом 31, в подвале бывшего ДПК «Дидар», после долгого перерыва, закипела работа. И это благодаря авторам социального проекта Социальный клуб «Шыңга Орлеу» (Стремясь к вершинам) Булату Абишеву и Раисе Сыпабековой. В содружестве с Гулшар Аптимовой, руководителем общественного фонда «Ақ жұлдыз», мамой шестерых детей, в Илийском районе первыми в Алматинской области начали эту важную работу.

«Мы обратилась к руководству АО «Самрук Казына» и его корпо-

ративный фонд в Астане с письмом, где изложили свои проблемы, пути их решения и представили все необходимые документы.

И нам пошли на встречу!» – рассказывает Гулшар Сергеевна.



Тут стоит пояснить читателям, что это за Фонд? Единим оператором благотворительности группы компаний «Самрук Казына» - является Фонд развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust». Его миссия - содействие улучшению социально-экономической

жизни населения и процветанию нашей страны. На его счету уже более 370-ти социальных проектов, реализованных за 8 лет по всей республике.

Буквально за два месяца в подва-

ле дома на Абая, 31 была проделана огромная работа по электрической, строительной, водопроводной, отопительной части. Все помещения отштукатурили, побелили, поменяли трубы, закупили новую мебель. Получилось несколько новых кабинетов и залов, всего более 400 кв

метров полезной площади.

«Почему мы взяли за это дело? – продолжила Гулшар. - Я, как многодетная мама, знаю, насколько сегодня сложно родителям из малообеспеченных семей воспитывать, обучать своих детей. Если на попечении один-два ребенка, - это одна ситуация, а если таких детей три, четыре!? А если мама одна воспитывает ребенка? А если ребенок с особыми потребностями? Как их учить, где им заниматься дополнительно, откуда брать деньги? И таких вопросов масса. Я рада, что наш фонд «Ақ жұлдыз» и социальный клуб «Шыңга Орлеу» вместе реализовали благо дело и строят совместные планы на будущее.

В клубе организованы занятия по математике, казахскому, русскому, английскому языкам, по компьютерной грамотности. Мальчишки и девочки могут посещать кружки по шахматам, шашкам, домоводству, рисованию, учиться игре на домре, гитаре, заниматься музыкой, вокалом, хореографией, физкультурой. И все это, просим учесть, бесплатно! Это и есть создание равных условий для всех детей, независимо от материального положения родителей.

Очень важно, что педагоги помогают детям готовить домашние задания и получать дополнительное образование. Таких детей из младших классов и малообеспеченных семей, - говорит Гулшар, уже сотни.

И еще немаловажный фактор, все педагоги здесь ветераны, ушедшие на заслуженный отдых, но прекрасно знающие свой предмет, желающие помочь в реализации социального проекта и, конечно же, немного подзаработать к своей пенсии, что в нынешнее непростое время нелишне.

Какие планы у социального клуба «Шыңга орлеу» на новый год и есть сложности после года со дня открытия?

В процессе работы, признает Гулшар, возникают некоторые проблемы, особенно, в части полного финансирования проекта со стороны государства, но, уверена себе, седница, они должны разрешиться положительно. Также руководители клуба стараются организовать полноценный отдых детей, культурную программу в Алматы. Это посещение музеев, театров, художественных выставок, цирка.

Вот что сказала нашей областной газете «Алатау Ардагері» одна из авторов проекта Раиса Сыпабекова: «Социальный клуб «Шыңга Орлеу» - важный социальный проект в нашей стране, где происходит интеграция поколений. Практика показывает, что через общение со старшим поколением, привлеченными нами педагогами-ветеранами, дети перенимают их знания, накопленный опыт, так сказать, «учатся учиться». И само старшее поколение радо, что оно востребовано и не чувствует одиночества. Начиная с 2020 года, во всех районах Алматы успешно функционируют 16 отделений клуба, где ежедневно, на бесплатной основе, получают дополнительное образование дети с 1-4 классы, с общим количеством почти 1000 воспитанников из многодетных, малообеспеченных семей. Открытие отделения СК «Шыңга орлеу» в Отеген батыре в 2023 году – первое в Алматинской области, и мы удовлетворены его успешной работой».

Рамазан ЕЛЕШЕВ,  
п. Отеген батыр,  
Алматинская область

## Жыр ғұмыр

## Сағыныш жасы

Мен Қанипа Бұғыбаева шығармашылығымен бірсыпыра уақыт болды әлеуметтік желіде бақылап жүріп, таныстым. Одан бөлек Әлем халықтары жазушылар одағының төрайымы Гүлхан Айтақынқызының себепкерлігімен «Сағыныш жасы» деген кітабы қолыма тиді.

Кітапты алып, оқып шыққан соң пікір жазбасқа дәтім шыдамады. Желіде шығармашылығына көз жүгіртіп, бертін келе «Сағыныш жасы» еңбегімен толықтай таныс болдым.

Тұрмыстық мінез-құлқына, өмір салтына қанық болсам да, шығармаларындағы портретін жазған өлеңдерінен аңғарғандаймын. Мүмкіндігінше әділ, турашыл жан екеніне көзім жетті. Біреуге ұнайын деген есеп онда жоқ сияқты, сонда да эмоциялықтан өзін тежегісі келетіні байқалады.

Мен - әйелмін, қуанышпын, қайғымын,  
Нұрландырар махаббаттың айдынын.  
Ұл мен қызын бақытына балаумен  
Ұл-қызының көтеретін айбынын  
білген секілді.

Жалпы әйел тағдырынан елес беретін шумақ десек те, мұнда өз мұңы, өз шешімі батыл айтылып тұр емес пе?! Қанипа Бұғыбаева апам өзінің ақындық стилін қалыптастыруға шығармашылығын бағыттамайтынын, тек өз тағдырына көзқарасын білдіруді көздейтін сияқты. Дей тұрғанмен өлеңдеріндегі мұң жалпы ер-аруларға, табиғатқа, өмір ағымына тән мұң деуге болады. Сондықтан кей жырларын оқып отырған ер, әйел заты өзі де сол өлең кейіпкеріне айналып кетердей әсерлі. Саусақ санап, кінәлап, дағтайтындар сағыныштың дәмін татып көрмеген-ау. Әйел мұңы қоғамдық санада айып саналатынын жасырмайды ақын. Әрине, бұл – үлкен мұң. Сонда да:

Сүйіп тұрып, жат болудың әлемге,  
Көрсетейік ең тамаша үлгісін, - деп, автор махаббат мұңын жеңу үлгісін ұсынады,

Бірақ өз мұңын ақын биікке:

«Өзге жан жылулығын сыйлай алар,

Бірақ-та мен сияқты сүйе алмайды», - деп мұңнан жұбаныш табады.

Мұңға беріле бермей, мұңға тұншыға бермей, «Жылата көрме жүректі іздеп сыңарын», деп, қисынсыз қиял мұңына тұншықпауға шақырады. Мұң әйел өмірінің түрлі тү-

стері, оны жеңемін демей, жақсылыққа айналдыру керектігіне ой салады:

Ғашық бол да, қамқоршы бол, аяла,  
Сезімдіңді жалған түспен бояма.  
Ынтық болу – теңдесі жоқ тәтті мұң,  
Ал тәттіге пенде, шіркін, тоя ма?!

Міне, ақын осылай мұңның өзі тәттілік, яғни өмірсүйгіштік деген тұжырымға келеді, бірақ та мұң тұтқынында қалмайды.

Орындаумен тағдырымың талабын  
Жабырқаулы жанға айналып барамын.  
Түсінбесең, сені ұмытып, көктегі  
Сол жұлдызға ғашық болып қаламын.  
Мұңды автор сынақ деп түсіндіреді, ал сынақты төзім, ынтымақтасу, жеңіс пен жеміс жолы, ақынның айтуынша: Қымтай ұстап сезімді ұсыма,  
Сезіндіргім келеді жылу нәрін.  
Ал тағдырым бал емес, у ұсынса,  
Сый табақтан татырар сынақ дәмін. - дейді.

Бұл – өмір салты. Оны автор жыл мезгілдерін образдау жолымен еске салады:

Жазым өтті, уайымсыз, қайғысыз,  
Гүл көктемнен жүрегімде қалды сыз.  
Сары күздің ән сап жүрмін сазымен,  
Қарлы қысқа қорқа қарап жолынсыз.

Міне, табиғат пен әйел өмірінің үндестігін ақынның сәтті жеткізуі өзгермелілікке бейімді болуға үндейді.

Сындырғанмен қанатымды мың,  
Ұқтырып бәрін артта қаласындағын.  
Сағыныш сазымен сендірдің, тағдыр  
Мұңның да тәтті болатындығын.

Авторлық көркемдік шешімге келіп, әр неден тиімділікті іздеу идеясын жасайды, «Шаршатсаң да, тағдырым, өшірмеші саған деген жанымның ғашықтығын» деген тұжырымға келеді. Сөйтіп әйел мұңы мен ер махаббаты бір тұтас қасиет екеніне меңзейді. Сөйтіп ақынның өмірсүйгіштігі оқырманға да дарып жатады. «Қателіктер табылады, әрине, Амал қанша, пенде болып туғасын» деген ақынның жүрекжарды ашық сырына оқырман да келіспей қала алмайды. Сөйтіп ақын мұңы майдандасуға емес, ізгілікке бастайды.

Қанипа апамның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат, жаны жаннаттық, ұстағаны шырақ, мінгені пырақ, рухы шад-шадыман болғай. Қаламыңыздың шеберлігі, артыңыздағы ұрпағыңызға дарып, әрмен қарай тізбегі өрбігей!

Жарас ҚАБЫШЕВ.

## Ауыл спорты

ЖАРЫСТА-  
АРДАГЕРЛЕР

Ақпанның 1-і күні Мұхамеджан Түймебаев ауылында Іле өңіріне белгілі азамат Бұғабаев Қанатбай Тілеуұлын еске алуға арналған ардагер волейболшылар арасында ашық турнир болып өтті.

Жарыстың ережесіне сәйкес ойынға 60 жастан асқан ойыншылар ғана жіберілді. Өте тартысты өткен ойындардың нәтижесінде 3 орынды Алматы қаласы Бостандық ауданының командасы жеңіп алды. 2-нші орынға финалдық кездесуде Алматы қаласының «Мамлюк» командасына 1:2 есебімен ұтылған Ащыбұлақ командасы ие болды.

Турнир барысында барлық қарсылас командаларынан басым түскен «Мамлюк» командасы жеңімпаз атанып бас жүлдені қанжығасына байлады.

Жұлдегер командалар ұйымдастырушылардың тағайындаған кубоктары, медальдары және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонынан ауыл мешітінде ас беріліп құран бағышталды.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,  
Ащыбұлақ ауылдық округі  
ардагерлер ұйымының төрағасы.  
Іле ауданы

## Мектеп өмірі

Оқушы жетістігі-мектеп  
мақтананышы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Білімді ұрпақ қалыптастыра алған мемлекет ғана талабы мен талғамы күн санап жоғарылап отырған мына заманның бар қиындығын тізе бүктіріп, әлемді мойындата алады» деген. Бұл әрине айна қатесіз ақиқат. Өйткені мектеп партасында алған білім әлемдегі барлық өнер – ғылымның алғашқы іргетасы, дамудың алтын арқауы.

Мемлекетіміздің ертеңгі болашағының нұрлы болуы білім шыңынан қанат қаққан озат оқушылардың алған біліміне байланысты. Тәуелсіз мемлекетіміздің алдында тұрған басты мәселе - білімді де тәрбиелі тұлға қалыптастыру. Оқуда озат, тәлімді де тәрбиелі, өнер – білімге құштар, спорттық сайыстарда биік белестерді бағындырған оқушы ұс-таздарының мақтаншы.

Осы аптаның сейсенбісі күні аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімдігінің қолдауымен Б.Бейсекбаев атындағы мектеп – гимназиясының ұйымдастыруымен оқу – ғылымға құштар, өнер мен спорттық сайыстарда топ жарып жүрген мектеп мақтаншыларының мәртебесін арттырып, олардың осындай биік белестерді бағындыруларына еселі еңбек сіңірген ұстаздарының есімін ұлықтап, саналы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарына құрмет көрсету мақсатында «Жеңіс жолында – 2024» тақырыбында мәдени шара өткізді.

Аталмыш мәдени шарада алғашқы сөз кезегін алған аудан әкімі Азат Құтпанбетов: «Дана халқымызда «Оқу-инемен құдық қазғандай» деп, бағалаған білім алу да, білім беру

де – ең жауапты әрі күрделі үрдіс. 2024-2025 оқу жылында ауданымыздың білім саласында оқушыларымыз түрлі олимпиадаларға қатысып, үздік нәтиже көрсетуде. Оның ішін-



де атап айтсақ, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне - 301 оқушы, облыстық кезеңге - 54 оқушы қатысып, 2 оқушы республикаға жолдама алды. 9-11 сынып оқушыларына республикалық пәндік олимпиадаларға - 277 оқушы қатысып, 74 оқушы облыстық кезеңге жолдама алды.

Дарынды балалармен жұмыс

– ұстаздар еңбегінің көрсеткіші. 2024-2025 оқу жылында «Дарын» ғылыми жобасының аудандық кезеңіне - 89 оқушы қатысты. Облыстық кезеңге - 18 оқушы қатысып, 2 оқушы ІІ-ші кезеңге жолдама алды. «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсының аудандық кезеңіне - 92 оқушы, облыстық кезеңге - 15 оқушы қатысып, 4 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

10-11 сыныптарға арналған «Алтын түлек» олимпиадасына 82 оқушы

рушы Шолпан Қошаханова және ата – аналар комитеті мен демеушілер

сахна төріне көтеріліп, дарынды оқушылар арасында өткізілген білім саласы бойынша республикалық, облыстық «Ауыл олимпиадаларында», сондай – ақ облыстық пән олимпиадаларында жүлделі орын алған оқушылар мен олардың ұстаздарын және ата – аналарын марапаттады.

Келесі кезекте оқушылардың мәдени шараларға қатысып, «USHQYN» халықаралық балалар және жасөспірімдер байқауында, сондай – ақ республикалық «Боюлар сыры» және «Ігі істер» сурет байқауларында жүлделі орындар алған оқушылар мен оқытушылар және дарынды бала тәрбиелеп өсірген ата – аналарды марапаттап, құрмет көрсетті.

Өнерлі балаларды марапаттау үшін «Балқаш Таза су» мекемесінің директоры Бақытжан Хамзин, Балалар өнер мектебінің директоры Бақыт Дәуітбаева және Б. Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназиясының 4 сыныбы ата-аналар комитетінің төрайымы Балжан Дәрубаева сахна төріне шақырылды.

Ал спорттық сайыстарда халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі әртүрлі жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп, аудан абыройын асқатқан балғын спортшыларға аудандық «Бірлік» кәсіподақ ұйымының төрағасы Сайран Смағұлов, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі директорының міндетін уақытша атқарушы Фархад Мұсаев және білім шаңырағындағы 6 сыныбының ата-аналар комитетінің төрайымы Ардақ Мамышева спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына және ата-аналарына марапаттарды табыстады.

Марапаттаудың қорытынды кезеңінде аудан әкімі Азат Құтпанбетов, Б.Бейсекбаев атындағы мектеп – гимназиясының директоры Альвира Халықова және ата-аналар комитетінің төрайымы Гүлмира Жакупова «Жеңіс жолында 2024» іс – шарада үздік атанған оқушыларды марапаттап, арнайы жүлде мүсінін табыстады.

Жоғары деңгейде ұйымдастырылған мәдени шарада Б.Бейсекбаев атындағы мектеп – гимназиясының оқушылары әуелете ән шырқап, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Салтанатты шараны қорытындылаған Б.Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназиясының директоры Альвира Манатқызы мәдени шараны өтуіне ықпал жасаған аудан әкімдігіне, жоғары деңгейде ұйымдастырған аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлеріне ризашылығын білдірді. Сонымен қатар өнер – білімге құштар ұрпақ тәрбиелеген ата-аналар мен ұстаздарға алғысын айтып, жүзден жүйрік атанған үздік оқушыларға алар асуларың биік болсын деген тілегін арнады.

Мәдени шара соңында аталмыш білім шаңырағының мақтаншылары, үздік марапат иелері өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді. Ертеңгі күннің еншісі – бүгінгі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Тұғыры биік еліміздің ертеңі бүгінгісінен де жарқын болу – рухы асқақ, өресі биік, білімді де талантты ұрпақ қолында. Ендеше осындай биік белестерге қадам басқан жас өрендерге қолдау көрсетіп, олардың ашық аспан астында бақытты ғұмыр кешуіне тілектес болайық, ағайын!

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ,  
Балқаш ауданы